

**Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы**

**ТАҢДАУ КУРСТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ БЕЙНАДЫ
ДАЙЫНДЫҚҚА АРНАЛҒАН ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАРДЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

Астана 2024

Білім беру ұйымдарының, әдістемелік орталықтардың басшылары мен мамандарына, жалпы білім беру ұйымдарының басшыларына, директорлардың оқу-тәрбие және ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарларына, білім алушыларды бейін алдындағы және бейіндік даярлау жүйесінде таңдау бойынша элективті курстар мен пәндер бойынша таңдау курстарын әзірлейтін және іске асыратын педагогтар мен әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының вариативті компонентінің сапасын арттыруға және оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауға мүдделі барлық педагог қызметкерлерге жұмыста пайдалану үшін ұсынылады.

Элективті курстар мен таңдау курстары оқытуды даралау принципін іске асыруды, тұрақты оқу мотивациясын және білім алушылардың саналы кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқу жоспарының вариативті бөлігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Әдістемелік ұсынымдар педагог қызметкерлер мен әдістемелік бірлестіктерге элективті курстардың сапасын әзірлеуде, іске асыруда және бағалауда, сондай-ақ бейін алдындағы даярлықты тиімді ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған.

Құрастырушылар:

Бақтияр С. Б. – «Дарын» РҒПО педагогикалық шеберлік және психологиялық қызмет бөлімінің басшысы;

Берденова Г.С., Бакиева Т. А., Сейдімхан Б. М. – «Дарын» РҒПО педагогикалық шеберлік және психологиялық қызмет бөлімінің әдіскерлері.

Түсіндірме хат

Қазіргі уақытта дарынды және жоғары мотивациялы балалармен жұмыс жасаудың маңыздылығы мен қажеттілігі ешкімге күмән келтірмейді.

Дарынды балаларды анықтау мен дамытуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау, олардың әлеуетті мүмкіндіктерін іске асыру Қазақстан Республикасының басым міндеттерінің бірі болып табылады. Дарынды балалар бір-бірінен дарындылық дәрежесімен, танымдық стилімен, қызығушылық салаларымен ерекшеленеді. Сондықтан педагогтың алдында баланың әлеуетін ашу, оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастыру саласында мазмұнын, нысандары мен әдістерін іріктеу бойынша үлкен проблема тұр.

Дарынды оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жүйелі тәсілі, олардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін қабілеттерін дер кезінде диагностикалау, бағдарламалық қамтамасыз ету, дарынды оқушылармен жұмыс істеуге қабілетті мұғалімнің кәсіпқойлығы - осының барлығы балалардың тиісті категориясымен жұмысты тиімді ұйымдастыруға алып келеді.

Элективті курстар мен таңдау бойынша курстар бейін алдындағы және бейіндік оқыту жүйесінде маңызды рөл атқарады және негізгі әрі жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі оқу үдерісінің вариативті жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Мамандандырылған білім беру ұйымдары таңдау бойынша курстар мен элективті курстардың бағыттарын білім алушылар мен олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің) сұраныстарына сәйкес айқындайды.

Білім беру ұйымы бейіндік пәндердің ішкі бағыттарын, сондай-ақ элективті және таңдау бойынша курстардың мазмұндық салаларын білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес өз бетінше анықтайды.

Маңыздысы – бейін алдындағы даярлық жалпы «профильді таңдау» ғана емес, білім алушыны нақты білім алу орнын және жалғастыру формасын таңдауға бағдарлауға бағытталуы тиіс.

Курстардың бағдарламалары дәстүрлі оқу пәндерінің шеңберінен шығуды көздейді. Олар оқушыларды бірнеше пәндер бойынша білімді біріктіруді талап ететін кешенді мәселелер мен міндеттермен, сондай-ақ түрлі кәсіби салалардағы оларды шешу тәсілдерімен таныстырады.

Таңдау бойынша курстарды оқу нәтижесінде оқушылар екі сауалға жауап беруге дайын болуы керек: «Өзімнің білім алу перспективамда нені қажет етемін?» және «Мен таңдаған бейінім бойынша оқуымды жалғастыруға дайынмын ба?»

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: білім алушыларды бейін алдындағы даярлау жүйесінде таңдау курстары мен элективті курстарды жобалау, мазмұнын анықтау және ұйымдастыруда бірыңғай тәсілді қалыптастыру.

Міндеттері:

1) Элективті және таңдау курстары бағдарламаларының құрылымын және мазмұнына қойылатын талаптарды айқындау.

2) Оқу мақсаттарын, міндеттерін және күтілетін нәтижелерін тұжырымдауда бірыңғай тәсілдерді белгілеу.

3) Оқытуды ұйымдастырудың тиімді әдістері, формалары мен технологияларын ұсыну.

4) Білім алушылардың бейін алдындағы даярлығының сапасын және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал ету.

Осы курстарды оқу барысында оқушылар:

- Мектептен кейінгі білім алу және бейіндік оқытуда сұранысқа ие құзыреттілікті меңгеруге және оқу материалдарын меңгеру бойынша күш-жігер жұмсауда тәжірибе алмасу;

- бейіндік білім алуды болашақта жалғастыру үшін өмірлік, әлеуметтік, өзін-өзі кәсіби анықтауда бейіндік оқытудың маңыздылығы туралы ақпарат алу;

- мектептен кейінгі білім алу бағытына және білім алу бейініне сәйкес оның құндылық бағдарын қалыптастыру.

Элективті курстардың түрлері

I. Пәндік элективті курстар – мектептің жұмыс оқу жоспарына енгізілген пәндер бойынша білімді тереңдету және кеңейтуге бағытталған курстар.

II. Пәнаралық элективті курстар – білім алушылардың табиғат пен қоғам туралы білімдерін кіріктіруге бағытталған курстар.

III. Жұмыс оқу жоспарына кірмейтін пәндер бойынша элективті курстар – негізгі оқу жоспарына енген жаңа немесе қосымша пәндерді қамтитын курстар.

Элективті курстар мақсаттары мен мазмұны бойынша ерекшеленгенімен, барлық жағдайда оларды таңдаған білім алушылардың сұраныстары мен қызығушылықтарына сәйкес келуі тиіс.

1. Таңдау курстарын құрастырудың бірнеше жолы бар.

Фундаменталды тәсіл жоғарғы сыныптардағы бейіндік оқу пәндерімен тікелей байланысты, тиісті пән саласында ең бірінші дарынды балаларға бағдарланған пәнді терең оқытуға бағытталған фундаменталды заңдар мен теориялардан жеке заңдылықтарға көшу курс мазмұнын дамытуды қамтиды.

Әдіснамалық тәсіл ерекшеліктері ғылыми-тарихи материалдарда көрсетілген танымның ғылыми әдістемесіне негізделген. Әдіснамалық тәсілге негізделген таңдау курсының басты мақсаты: ғылыми танымның әдісімен танысу, кейбір зерттеу дағдыларын меңгеру. Бұл тәсіл практикум сабақтарды, практикалық-лабораториялық сабақтарды ұйымдастыруды, оқудың жобалық технологиясын пайдалануды ұсынады.

Әмбебап тәсіл ғылым үшін жалпыға бірдей маңызы бар бірқатар маңызды тұжырымдар бойынша мазмұнды топтастырумен сипатталады. Бұл тәсіл әртүрлі ғылымдар аясында бір мәселені, құбылысты, түсінікті жан-жақты қарастыратын пәнаралық курстар үшін қолайлы. Ол үшін рефлексивті оқыту технологиясы, сыни ойлау, кейс әдіс т.б. пайдалану тиімді болып табылады.

Прагматикалық тәсіл өмірде кеңінен қолданатын және оқушылардың негізгі мәдени деңгейін қамтамасыз ететін тиісті білім мен дағдыны қамтиды. Ол үшін тиісті кәсіби саладағы практикумдар, практикалық сабақтар тиімді болып табылады.

Қызметтік-құндылық тәсіл тиісті бейіндік оқытудың мазмұнын табысты меңгеруге қажетті қызметтің түрлерімен танысуды ұсынады. Бір жағынан оқу процесін ұйымдастырудың түрлері мен қызметінің әдістерін ұтымды іріктеу, екінші жағынан оқушылардың тиісті бағдарға бейіні мен қабілетін анықтауда өзара белгілі бір қатынас бар. Осындай тәсілге негізделген таңдау бойынша курстың құрылымы оқушылардың тиісті қызмет түрлеріне бейімделуін ескереді. Мысалы, жаратылыстану бағытында оқушылар көптеген қызмет түрлеріне және химия мен биологияны оқыту процесінің нысандарына бейімділігін көрсетеді. Гуманитарлық бағыт үшін конспект, жоспар, тезис, реферат құрастыру тән, ал оқытудың қолайлы түрлері экскурсия, дискуссия, рөлдік ойындар, демонстрациялар болып табылады. Математика үшін таблица, схема құрастыру, заңдылықтарды анықтау тән.

Құзыретті тәсіл бүгінгі күні жақтаушылары көп, мүмкін көптеген құрастырушылар негізгі мектеп үшін таңдау бойынша курстарды әзірлеу барысында осы тәсілге көп көңіл бөлуі мүмкін. Бұл жағдайда келесі әрекеттер тізбегі болуы мүмкін:

- осы жастағы оқушылар үшін басты мәселелерді анықтау;
- оларды шешуге арналған тиісті шеберлігін анықтау;
- аталған мәселелерді шешуге арналған құзіреттілікті анықтау;
- қажетті мазмұнды таңдау;
- оқыту әдістерін әзірлеу.

Таңдау бойынша курстың мақсатын анықтау үшін бағыт ретінде әлеуметтік, коммуникативтік, немесе пәндік құзіреттілік алынуы мүмкін.

Бейіналды дайындық бойынша таңдау курсы пәндік-бағдарлы (сынақ) және пәнаралық (бағдарлы) болып бөлінеді.

Пәндік-бағдарлы курс келесі мәселелерді шешеді:

- 1) оқу пәніне оқушының қызығушылығын танытуы;
- 2) пәнді жоғары деңгейде меңгеру қабілеті мен дайындығын анықтау;
- 3) таңдау бойынша емтихандарды тапсыруға жағдай жасау, яғни болашақ бейініне ең ықтимал пән.

Пәндік-бағдарлау курстары үшін оқу-әдістемелік құрал ретінде қолданыстағы оқу құралдары, факультатив бағдарламалары, арнайы курс, жоғары оқу орындарына дайындыққа арналған оқу-әдістемелік кешендері және оқу пәндерін тереңдетіп оқытатын сыныптар.

Пәнаралық (бағдарлау) курстар дәстүрлі білім беру пәндері аясынан шығуды ұсынады. Олар оқушыларды көптеген пәндер бойынша білім синтезін және әртүрлі кәсіптік салалардағы даму әдістерін талап ететін күрделі мәселелермен және тапсырмалармен таныстырады.

Таңдау курстарының мақсаттарын келесідей тұжырымдауға болады:

- 1) оқушылардың заманауи кәсіптерге бейімделуі үшін база құру;

2) кең таралған кәсіптерге сәйкес келетін қызметтің типтік түрлерінің ерекшелігімен практикада танысу;

3) қандай да бір пәнге деген мотивациясын көрсету.

Бейін алды даярлау бойынша пәнаралық курстар үшін оқу материалдары ретінде ғылыми-танымдық әдебиеттер, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламалары, интернет және т.б. қолданылады.

Таңдау курстарының айрықша ерекшеліктері олардың стандартты еместігі, вариативтілігі (түрленуі) және қысқа мерзімділігі болып табылады. Таңдау бойынша курстың вариативтілігінің ерекшелігі бейін алды даярлық алдында нақты бір бейінді таңдаған немесе керісінше әлі таңдау үстіндегі оқушы мазмұны мен саны жағынан өте көп түрлі таңдау бойынша курстарды меңгеруде өз күшін сынап көруі тиіс. Мазмұны, ұйымдастырылуы және өткізілу технологиясы бойынша бір-бірінен ерекшеленетін көптеген курстардың болуы алдын-ала тиімді оқытудың маңызды педагогикалық шарттарының бірі болып табылады.

Таңдау бойынша курстар келесі талаптарға сай болуы керек:

- оқушыға нақты таңдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін санымен ұсынылуы тиіс;

- білім беру перспективасы тұрғысынан оқушыға әлеуетін бағалауға көмек беруі тиіс («Әлеуметтік-гуманитарлық бағытқа математикадан үштік алуыма байланысты емес болашақта юрист немесе журналист мамандығын таңдағандықтан барамын»);

- таңдауды жоспарлап отырған бейін бойынша оқуда оң мотивацияны құруға ықпал ету, «Мен осымен айналыса алам ба, маған осы керек пе?» деген сұраққа жауап бере алуы керек. Ал курстың жаңа мазмұнмен шектен тыс жүктеуі осы сұрақтарға жауап беруіне қиындық туғызуы мүмкін.

Мазмұнды таңдай отырып, мұғалім келесі сұрақтарға жауап беруі тиіс:

- жоғары сыныпта дұрыс бейіндік таңдау жасау үшін, осы курс оқушыға несімен пайдалы?;

- орта мектептің үшінші сатысында бейіндік оқу барысында рөлі арта түсетін заманауи білім технологияларын қолдану тиімді болып табылады;

- осы немесе оған жақын пәндер бойынша базалық курсты жүзеге асыратын басқа мұғалімнің бейіналды курстарын оқыту мүмкіндігін пайдаланған жөн;

- курстар оқушыны белгілі бір таңдау жасаған жағдайда (тарихшы, филолог, физик және т.б.), яғни оқушының кәсіби қызмет саласын таңдауына әсер ететін жетекші болатын қызмет түрлерінің ерекшеліктерімен таныстыруы тиіс. Олар осы бейін үшін жетекші қызмет түрлері бойынша сынамаларды қамтуы тиіс (осы бейіннің ерекшелігін қызмет арқылы көрсету үшін – мәтіндермен жұмыс істеу, дереккөздерді талдау, құқықтық құжаттарды пайдалану және т. б.).)

Таңдау курстары бірыңғай әдістемеге сүйенсе, оқушылардың білім алу көздері кеңейіп, оқу процесі ашық сипат алады, яғни ақпарат тек мұғалімге ғана тәуелді болмайды.

Бейін алды дайындық үшін таңдау курстары базалық курсты қайталамауы тиіс. Олар оқушыны емтихан тапсыруы үшін емес, жоғары сыныпта нәтижелі оқуға дайындауы тиіс.

Негізгі және орта (жалпы орта) мектепке арналған таңдау курстары мен элективті курстар бағдарламаларын әзірлеу

Негізгі және орта (жалпы орта) мектепке арналған таңдау курстары мен элективті курстар бағдарламаларының құрылымы ұқсас болып келеді және келесі бөлімдерден тұрады:

- Титулдық бет;
- Түсіндірме жазба;
- Мазмұны;
- Оқу материалдарының үлгілік жоспарлануы;
- Әдістемелік ұсынымдар;
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Элективті курс бағдарламасының әрбір элементіне қойылатын талаптарды қарастырайық.

Титулдық бетте курс әзірленген ұйым туралы мәліметтер көрсетіледі: білім беру ұйымының атауы; бағдарламаның қайда, қашан және кім тарапынан бекітілгені туралы мәліметтер; элективті курстың атауы; бағдарлама арналған сынып; бағдарламаны әзірлеушінің аты-жөні мен лауазымы; қала (елді мекен) атауы және бағдарлама әзірленген жыл.

Түсіндірме жазбада келесі ақпарат қамтылуы тиіс:

- 1) осы элективті курстың мақсаттары мен құндылықтары;
- 2) мазмұнды іріктеу мен құрылымдаудың негіздемесі, соның ішінде оқу және сыныптан тыс жұмыстардың өзара байланысын ашып көрсету;
- 3) оқу процесінің жалпы сипаттамасы, ұсынылатын әдістері, нысандары мен оқу құралдары;
- 4) бағдарлама мәтініне техникалық түсініктемелер (қысқартулар мен шартты белгілер жүйесін сипаттау).

Түсіндірме жазбаның көлемі үлкен болмауы тиіс, алайда онда мұғалім мен оқушы элективті курс туралы толық түсінік алатындай жеткілікті және қажетті ақпарат қамтылуы қажет.

Негізгі және орта (жалпы орта) мектепке арналған таңдау курстары мен элективті курстардың **мазмұны** бірыңғай үлгі бойынша сипатталады. Онда тақырыптар тізімі, тақырыптарға бөлінген шамамен уақыт мөлшері және олардың қысқаша мазмұны беріледі. Дегенмен, мазмұндық бөлік әр бағдарламада әртүрлі болуы мүмкін, себебі негізгі және элективті курстардың функциялары олардың мазмұндық ерекшеліктерін айқындайды. Курстың мазмұны бейіндік пәндер бойынша білімді тереңдетуді, зерттеушілік белсенділікті дамытуды және оқу жұмысының түрлі нысандарын пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс.

Оқу материалдарының үлгілік жоспарлануы элективті курс әзірленіп отырған пәнді оқыту әдістемесінің дәстүрлеріне сәйкес құрастырылады.

Элективті курсқа арналған әдістемелік ұсынымдар бағдарламаның міндетті емес (факультативті) бөлімі болып табылады және автор ұсынған оқыту нысандары, әдістері мен құралдарының қысқаша сипаттамасын қамтиды. Элективті курстардың бағдарламаларында берілген әдістемелік ұсынымдарды пайдалану кезінде олардың мұғалімге арналған **нұсқау емес**, тек **ұсыныс** екендігін есте ұстау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдетте бағдарламаның соңында беріледі және біртұтас тізім түрінде немесе мұғалім мен оқушыларға арналған бөлек тізімдер түрінде ұсынылуы мүмкін. Мұндай тізімдерді әзірлеу барысында әдебиеттердің мектеп үшін қолжетімділігін ескеру қажет. Мысалы, 1950-жылдардың ортасында аз таралыммен шыққан кітаптарды табу мұғалімдер мен оқушылар үшін қиындық тудыруы ықтимал.

Оқу процесін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Ұсынылатын сабақ түрлері: дәріс, практикалық сабақ, семинар, жобалық сабақтар, шеберлік сағаттары.

Оқыту әдістері: зерттеу әдісі, проблемалық әдіс, жобалық әдіс, кейс-әдіс, лекция.

Технологиялар: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), сыни ойлау технологиясы, рефлексивті оқыту.

Бағалау: оқу процесіндегі белсенділік, дербестік және жобалық жұмыстардың сапасы бойынша критерийлер негізінде жүргізіледі.

Элективті курстарды жобалаудың әдістемелік принциптері

Практикаға бағыттылық – оқу процесінде білім алушылардың практикалық дағдыларды меңгеруіне және оларды нақты жағдайларда қолдануына басымдық беру;

Вариативтілік – мазмұн мен әдістерді таңдауда икемділікті қамтамасыз ету;

Интеграция – пәндік және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру;

Жеке тұлғалық маңыздылық – оқушының жеке қызығушылығын, қабілетін және кәсіби бағдарын ескеру;

Белсенділік пен дербестік – білім алушының оқу іс-әрекетінде белсенді қатысуы мен өзіндік шешім қабылдауына жағдай жасау.

Білім алушылардың іс-әрекетінің нысандары мен нәтижелері

Курстарды іске асыру барысында оқушылар зерттеу әдістерін меңгереді, коммуникация және өзін-өзі талдау дағдыларын дамытады, оқу жетістіктерінің портфолиосын қалыптастырады, саналы түрде бейіндік бағытты таңдауға дайындалады.

Элективті курстарды қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдар

Элективті курстарды тиімді ұйымдастыру үшін курс бағдарламасы, әдістемелік қамтамасыз ету материалдары, диагностикалық материалдар, өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар, жобалық және зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыруға арналған ресурстар қажет.

2. Элективті курстардың сипаттамасы

Элективті курстар білім алушылардың табысты бейіндік және кәсіби өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ететін білім беру процесінің маңызды бөлігі болып табылады.

Білім беру ұйымы элективті курстарды ұйымдастыру және білім алушыларға таңдау мүмкіндігін беру жөнінде шешім қабылдайды.

Элективті курстардың функциялары мен міндеттері кең ауқымды және келесі бағыттарды қамтиды:

- бейіндік оқу пәндерінің бірін немесе оның жекелеген бөлімін тереңдетіп меңгеруді қамтамасыз ету (мысалы, әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы орыс тілі пәнінен «Іскерлік қарым-қатынас» элективі);
- пәнаралық негізде сабақтас оқу пәндерін меңгеруге жағдай жасау (мысалы, «Математикалық статистика», «Компьютерлік графика», «Өнер тарихы»);
- негізгі оқу пәндерінің бірін немесе бірнешеуін жоғары деңгейде игеруге ықпал ету (мысалы, орыс тілінен «Әртүрлі функционалды-мағыналық типтегі, стильдегі және жанрдағы мәтіндерді құру» элективі);
- өмірлік және кәсіби тұрғыдан маңызды міндеттерді шешуге бағытталған практикалық іскерліктер мен әрекет тәсілдерін қалыптастыру;
- кәсіптік бағдар беру жұмысының сабақтастығын қамтамасыз ету;
- білім алушының таңдаған өмірлік және кәсіби жолын іске асыру мүмкіндіктері мен тәсілдерін түсінуге ықпал ету;
- танымдық қызығушылықтарды дамытуға және өмірлік маңызды мәселелерді шешуге жағдай жасау;
- еңбек нарығында табысты бейімделу үшін қажетті білім беру нәтижелерін қалыптастыруға жәрдемдесу.

Көп жағдайда оқушының белгілі бір курсты таңдауы интуитивті түрде жүзеге асады. Сондықтан элективті немесе таңдау курсының мазмұнын айқындау кезінде мұғалім келесі маңызды сұрақтарға жауап беруі қажет:

1. Қандай *мазмұндық материал* мен жұмыс түрлері арқылы бейін алдындағы дайындықтың міндеттерін барынша тиімді жүзеге асыра аламын? (Оқушыға бейін бағытын таңдауда бағдар беру, алдыңғы дайындықтағы олқылықтардың орнын толтыру, таңдалған бағытқа тән іс-әрекеттермен таныстыру, өз қабілетін көрсетуге және жетістікке жетуге мүмкіндік жасау.)

2. Курстың мазмұны негізгі оқу курстарынан *сапалық тұрғыдан* немен ерекшеленеді?

(Базалық курстарда қарастырылмаған немесе үстірт қамтылған тақырыптар, баламалы көзқарастардың ұсынылуы және т.б.)

3. Курс қандай оқу-әдістемелік және көмекші материалдармен қамтамасыз етілген? (Кітапхана қоры, оқулықтар, оқу құралдары, дидактикалық материалдар және басқа ресурстар.)

4. Осы мазмұнмен жұмыс істеу барысында қандай *іс-әрекет түрлері* (бейіндік және кәсіби бағдарланған) жүзеге асырылады?

(Мысалы, талдау әдістерін қолдану, химиялық тәжірибе жасау, жұппен, топпен немесе жеке жұмыс істеу, логикалық пайымдау, зерттелген материал бойынша қорытынды жасау және т.б.)

5. *Оқушының дербестігі* қандай деңгейде көрініс табады және ол қандай бастамалар таныта алады? (Зерттеу нысанын таңдау, есеп беру түрлерін анықтау – реферат, мақала, презентация және т.б.)

6. Курсты меңгерудегі жетістіктерді бағалау қандай критерийлер бойынша жүзеге асырылады және олар мұғалім мен оқушыға қаншалықты түсінікті? (Сабақтағы белсенділік, оқушылармен және ата-аналармен әңгімелесу, орындалған жұмыстарды талдау, тестілеу нәтижелері.)

7. Курсқа және болашақ бейіндік бағытқа деген *қызығушылықтың динамикасы* қалай бақыланады? (Бірінші және соңғы сабақтарда сауалнама жүргізу, әрбір міндетті жұмыс түрін орындағаннан кейін талқылау және рефлексия жасау.)

8. Оқушы курсты қалай аяқтайды және қорытынды есеп беру қандай формада жүзеге асады? (Жобаны қорғау, шығармашылық жұмыс, реферат, портфолио немесе презентация түрінде.)

Аталған сұрақтарға жүйелі түрде жауап беру мұғалімге **элективті курс бағдарламасына түсіндірме жазба (пояснительная записка)** дайындауға және оны мазмұндық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Элективті курс жүйесі бірнеше негізгі компоненттерден тұрады:

1. Оқу-тақырыптық жоспарлау;
2. Оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) және басқа да тірек оқу құралдарының тізбесі;
3. Пайдаланылған әдебиеттер мен библиография тізімі;
4. Түсіндірме жазба;
5. Қолданылатын технологияларды іске асыру нысандарының сипаттамасы.

Бағдарлама:

1. Бейіндік мектептің тұжырымдамасына сәйкес болуы тиіс;
2. Практикалық бағыттылыққа ие болуы қажет;
3. Оқу материалының құрылу және ұсынылу логикасын сақтауы тиіс;
4. Мазмұндық тұрғыдан құрылымдалған және біртұтас болуы қажет;
5. Уақыт пен ресурстар тұрғысынан шынайы болуы керек;
6. Білім алушыларға оқуын жалғастыру үшін саналы және объективті таңдау жасауға мүмкіндік беретін белсенді оқыту әдістерін қамтуы қажет;
7. Жаңашылдық элементтеріне ие болуы тиіс;
8. Жалпы білім беру және пәндік дағдыларды дамытуға ықпал ететін мазмұндық жалпылау дәрежесіне ие болуы қажет.

Бағдарлама әзірлеу алгоритмі

Көрсетілген талаптардың негізінде элективті курс бағдарламасын әзірлеудің келесі алгоритмі ұсынылады:

1) Курстың атауы.

Курстың атауы мазмұнды, тартымды және курс бағытының мәнін ашатындай болуы тиіс.

Ол мектеп пәнінің атауына ұқсамауы керек, бірақ курстың мазмұны мен мақсатын бейнелеуі қажет.

Мысалдар:

- «Астрономия» пәні – «Жұлдызды әліпби»;
- «Журналистика» – «Қалам сынағы», «Журналистика негіздері»;
- «Медицинадағы заманауи бағыттар»;
- Биология - «Жаратылыстану ғылымдарындағы эксперимент»;
- «Әлеуметтану және статистика» және т.б.

2) Түсіндірме жазба.

- түсіндірме жазбада келесі тармақтар қамтылуы тиіс:
- элективті курстың түрі (пәндік немесе пәнаралық);
- ұзақтығы және апталық сағат саны;
- курстың мақсаттары мен міндеттері (оның түрі мен функцияларын ескере отырып);
- қолданылатын педагогикалық технологиялар;
- білім алушылардың жоспарланған іс-әрекет түрлері;
- оқу жетістіктерін бағалау критерийлері;
- әлеуметтендіру немесе әлеуметтік сынақтар нысандары;
- күтілетін нәтижелер.

3) Бағдарламаның мазмұны.

Курстың тақырыптық мазмұны, зертханалық және практикалық жұмыстар, оқу материалдарының сипаттамасы беріледі.

4) Тақырыптық жоспарлау.

Оқу уақытының бөлінуі (теориялық және практикалық сағаттар), білім алушылардың болжамды іс-әрекеті және оқу нәтижелері көрсетіледі.

5) Курсты оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

Курс барысында пайдаланылатын оқу-әдістемелік материалдар, оқу құралдары, көрнекіліктер, цифрлық ресурстар мен АКТ құралдары тізімделеді.

6) Қосымша.

Элективті курстар мектепте вариативті компонентке бөлінген уақыт есебінен жүзеге асырылады. Мектеп біліміне элективті курстарды енгізе отырып, біз олардың бағдарламалары мен оқу құралдары туралы ғана емес, сонымен қатар осы курстарды оқытудың бүкіл әдістемелік жүйесі туралы айтып отырғанымызды ескеру қажет. Сондықтан элективті курстарға бөлінген уақыт шеңберінде жекелеген профильдердің шамамен оқу жоспарларында Белсенді білім беру технологияларына жүгіну сағаттары қарастырылған.

Орта (жоғары) мектепке арналған элективті курстарды әзірлеу кезінде оқушылардың белгілі бір курсты таңдаған себептерін ескеру қажет. Бұл оқушы базалық деңгейде оқитын оқу пәні бойынша бірыңғай мемлекеттік емтихан тапсыруға дайындық, білім мен дағдыларды игеру, практикалық,

өмірлік міндеттерді шешу үшін іс-әрекет тәсілдерін игеру, табысты мансап мүмкіндігі және т. б. болуы мүмкін.

Элективті курстардың міндеттерінің күрделілігі мен жан-жақтылығы бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесін қатаң тексерілген тұжырымдамалық (яғни, өзі емес, практикалық) негізде құру қажеттілігін талап етеді. Ол үшін кез-келген элективті курс немесе таңдау курсы оқу-әдістемелік жиынтықпен қамтамасыз етілуі керек.

Элективті курс бойынша оқу-әдістемелік жинаққа мыналар кіреді:

- курстың білім беру бағдарламасы;
- оқу, әдістемелік құралдар (мұғалімге арналған әдебиет, оқушыға арналған әдебиет, қосымша әдебиет, электрондық басылымдар. Интернет-ресурстар);
- дәрістерге, семинарларға, оқушылардың өзіндік жұмысына арналған ақпараттық материалдардың мәтіндері;
- өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар каталогы және оларды орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар;
- жеке және сараланған тапсырмалар, оның ішінде тест нысанындағы тапсырмалар;
- оқу практикасының бағдарламалары және оларды жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар;
- зерттеу жұмыстары мен жобалардың тақырыбы;
- жобалау және зерттеу қызметін орындау бағдарламалары, оны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар;
- жобалау және зерттеу жұмыстарының үлгілері.

Қадағалау бақылау, сауалнама жүргізу, портфолио мен жобалау жұмыстарын талдау арқылы жүзеге асырылады. Бағалау критериалды және оқушының прогресс динамикасына бағытталған.

Элективті курс бағдарламасын бағалау критерийлері:

1. Оқушылар үшін жаңалық дәрежесі. Бағдарлама негізгі бағдарламаларда жоқ материалды қамтиды.
2. Бағдарламаның мотивациялық әлеуеті. Бағдарламада оқушылардың қызығушылығын тудыратын мазмұн бар.
3. Бағдарламаның даму әлеуеті. Бағдарламаның мазмұны оқушылардың интеллектуалды, шығармашылық, эмоционалды дамуына ықпал етеді, белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдануды қамтиды.
4. Қойылған мақсаттарға сәйкес бағдарламаның мазмұндық желілерінің толықтығы мен мазмұндылығы.
5. Ұсынылған материалдың үйлесімділігі мен жүйелілігі. Мазмұн барлық кейінгі тақырыптарды зерттеу алдыңғы немесе негізгі курстар туралы біліммен қамтамасыз етілетіндей етіп құрылған; жеке және жалпы білім арасында байланыстар байқалады
6. Оқыту әдістері. Бағдарлама негізінен белсенді оқыту әдістеріне (жобалау, зерттеу, ойын және т. б.) негізделген
7. Бақылау дәрежесі. Бағдарламада оқытудың күтілетін нәтижелері және олардың қол жетімділігін тексеру әдістері нақты анықталған.

8. Ресурстық мүмкіндіктер тұрғысынан бағдарламаның іске асырылу шынайылығы. Бағдарлама оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық және кадрлық ресурстар тұрғысынан шынайы және іске асыруға қолайлы.

9. Бағдарламаның ресми құрылымы. **Бағдарламаның құрылымының толықтығы:** түсіндірме жазбаның (міндетті мақсат қоюмен), негізгі (тақырыптық) мазмұнның, күтілетін оқу нәтижелерінің және әдебиеттер тізімінің болуы.

Элективті курстарды іске асыру бейін алдындағы даярлықтың сапасын арттыруға, білім беру процесін дараландыруға және оқушылардың табысты кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал етеді.

Элективті курс жүйесі арқылы бейін алдындағы дайындықты жүзеге асыру бейіндік пәндер бойынша білімді тереңдетіп қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың зерттеу, жобалау, коммуникативтік және аналитикалық іс-әрекеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл білім берудің негізгі және орта деңгейлері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді, оқушылардың бейімділігі мен қызығушылықтарын анықтауға жағдай жасайды, сондай-ақ оқуға деген ынтаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Элективті курстарды тиімді ұйымдастыру мұғалімдерден жоғары деңгейдегі кәсіби құзыреттілікті, заманауи білім беру технологияларын меңгеруді және оқушылардың мүдделеріне, қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру бағдарламаларын жобалай білуді талап етеді.

Осылайша, жалпы білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесіне таңдау курстары мен элективті курстарды жүйелі енгізу бейіндік және бейін алдындағы оқытуды дамытудағы стратегиялық маңызды бағыт болып табылады. Бұл білім беру сапасын арттыруға, оқушылардың білім беру мүмкіндіктерін кеңейтуге және олардың жеке және кәсіби дамуының саналы траекториясын қалыптастыруға ықпал етеді.